


02|1


КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЭТИКА



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



Ұйымдық құрылым



2021 жылы төмендегідей өзгерістер енгізілді:

2021 жылғы сәуірден бастап Компанияның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен (№12/20 хаттама) 175 бірлікті құрайтын штат санымен жаңа Ұйымдық құрылым қолданысқа енгізілді.

Сонымен қатар, Компанияны тиімді корпоративтік басқаруды қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылғы мамырдан бастап Қоғамның қолданыстағы ұйымдық құрылымына Басқарма төрағасының орынбасары лауазымы енгізілді. Осылайша, 2021 жылдың соңында штат саны 176 бірлікті құрады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 28 шілдедегі №633 Жарлығын және Қордың тапсырмасын орындау үшін қоғам қызметкерлердің штат санын (176 бірлік) 9 (тоғыз) бірлікке, яғни 5%-ға қысқартты.

Осылайша, Компания 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізе отырып, 167 (жүз алпыс жеті) бірлік штат санын бекітті.

2022 жылы төмендегідей өзгерістер енгізілді:

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 24 қаңтардағы шешімімен (№06/22 хаттама), Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 25 ақпандағы шешімімен (№02/22 хаттама) бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Самұрық-Қазына» АҚ реформалау мәселелері жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатындағы Іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде жаңа ұйымдық құрылым бекітілді, штат саны 150 (жүз елу) бірлік, 2022 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді.

02.1 02|1

Компания корпоративтік басқару тиімділігін арттыруды бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің және тиісті басқарушылық және инвестициялық шешімдер қабылдаудың негізгі факторы ретінде қарастырады.

Үздік әлемдік практикаларға сүйене отырып, Компания корпоративтік басқару жүйесін үздіксіз жетілдіруге ұмтылуда, соның нәтижесінде тәуекелдерді тиімді басқару және ішкі бақылаудың сенімді жүйесі қамтамасыз етілетін болады, сыртқы капиталға қол жеткізу оңтайланып, Компанияның беделі артатын болады.

Компания корпоративтік басқаруды тұрақты жетілдіру мақсатында:

- ▶ акционерлердің, инвесторлардың және өзге де стейкхолдерлердің құқықтарын мүлтіксіз сақтауға;
- ▶ Компанияның басшы органдары мен құрылымдық бөлімшелері арасында өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты бөлуге;
- ▶ Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің, сондай-ақ Атқарушы орган мен оның Комитеттерінің қызмет тиімділігін арттыруға;
- ▶ корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысына жол бермеуге;
- ▶ басқарушылық есептілік жүйесін жетілдіруге;
- ▶ корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін одан әрі енгізу арқылы корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесін қолдануға ұмтылауы;
- ▶ акционерлер мен өзге де мүдделі тараптар үшін ақпараттық ашықтық қағидаттарын ұстану (нақты және айқын саясат, Компания директорлары мен басшыларына сыйақы беру рәсімінің ашықтығы, айқын дивидендтік саясат, GRI және ХҚЕС стандарттарына сәйкес қаржылық есептілік пен жылдық есепті, тұрақты даму саласындағы есепті жыл сайынғы негізде жариялау және т. б.);
- ▶ тиімді жоспарлау процестерінің, ішкі бақылаудың, комплаенс пен ішкі аудиттің тиімді жүйелерінің, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесінің, орнықты дамуды басқарудың тиімді жүйесінің болуын қамтамасыз ету.

Компанияда 2019 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары қолданыста болды. Аталған жоспарды орындау шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің өзін-өзі бағалауы жүргізілді, Компания Жарғысы, Директорлар кеңесі туралы ереже жаңартылды, еншілес ұйымдардың Директорлар кеңестерінің/Қадағалау кеңестерінің құрамы жаңартылды, бірқатар ішкі нормативтік құжаттар жаңартылды және «Самұрық-Энерго» АҚ компа-

ниялар тобының веб-сайттары бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Жоспар 92% орындалды.

2021 жылы Жалғыз акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ өз тарапынан «Самұрық-Энерго» АҚ-да «Прайсвоутерхаускупер» ЖШС тәуелсіз кеңесшісінің қызметін пайдалана отырып, корпоративтік басқару деңгейіне тәуелсіз диагностика жүргізуге бастамашылық жасады. Жұмыс көлемі корпоративтік басқару тетіктерін зерделеуді және кемелдену деңгейі мен корпоративтік басқару рейтингін бағалауды қамтыды.

Бағалау корпоративтік басқарудағы негізгі аспектілер (Директорлар кеңесі мен Атқарушы органның тиімділігі; Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит; Орнықты даму; Жалғыз Акционердің құқықтары) бойынша дауыс беруші акцияларының 50%-дан астамын тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі ұйымдарда корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесіне сәйкес жүргізілді. Сол секілді корпоративтік басқарудың халықаралық деңгейде танылған практикасын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, беделді компаниялар қабылдаған корпоративтік басқарудың үздік практикаларын шолуды ескере отырып әзірленді.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесін тәуелсіз диагностикалау нәтижелері бойынша корпоративтік басқару деңгейінің сәйкестік рейтингі «орташа» жетілу деңгейіне сәйкес келетін «ВВ» деңгейінде белгіленді, бұл көрсеткіш Компанияның корпоративтік басқару жүйесі барлық маңызды аспектілер бойынша белгіленген критерийлердің көпшілігіне сәйкес келеді дегенді білдіреді.

Тәуелсіз консультант «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі» (2018 жылы – «В», 2021 жылы – «ВВ») және «ашықтық» (2018 жылы – «В», 2021 жылы – «ВВ») компоненттеріндегі оң динамиканы атап өтті, бұл деңгей Компанияның корпоративтік басқару жүйесін жақсартуға бағытталған іс-шараларды жоспарлы іске асырудың арқасында мүмкін болды.

Корпоративтік басқару диагностикасының нәтижелері бойынша тәуелсіз сарапшының ұсынымдары негізінде Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2022–2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

Компания 2021 жылға арналған корпоративтік басқарудың нысаналы рейтингін «ВВВ» деңгейінде белгіледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Корпоративтік басқару саласындағы негізгі басым бағыттары:

1. корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін одан әрі енгізе беру арқылы корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін қолдану;
2. тәуекелдерді және ішкі бақылау жүйесін тиімді басқару, бұл сыртқы капиталға қол жеткізуді жеңілдетеді, капитал құнын төмендетуге және компанияның беделін жақсартуға мүмкіндік береді;
3. қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етудің кешенді жүйесін дамыту;
4. акционерлердің, инвесторлардың және өзге де стейкхолдерлердің құқықтарын мүлтіксіз сақтау;
5. Компания органдары мен құрылымдық бөлімшелері арасында өкілеттік пен жауапкершілікті нақты бөлу;
6. Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің, сондай-ақ Атқарушы орган мен оның Комитеттерінің, ЕТҮ басқару органдарының тиімділігін арттыру;

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕСТІК

«Самұрық-Энерго» АҚ-да «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен бекітілген Корпоративтік басқару кодексі қолданылып келеді.

2021 жылы Компания өзінің қызметіне бағалау жүргізіп, ағымдағы қызметінің Кодекс қағидаттары мен ережелеріне нақты сәйкестігіне талдау жасады.

Жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижелері 2021 жылы Компания Кодекстің негізгі қағидаттары мен ережелерінің сақталуын қамтамасыз еткенін көрсетеді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Кодекстің 64 ережесінің 60-ы сәйкес келсе, 4 ереже ішінара сәйкес келді. Сәйкессіздіктер «Үкімет Қордың акционері ретінде» және «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі» бөлімдері бойынша анықталды.

Төменде көрсетілген тармақтар Кодекс ережелеріне ішінара сәйкес келеді деп айқындалды:

1. «Үкімет Қордың акционері ретінде» деген 1-тараудың 2-тармағына сәйкес ұйымдар өз активтерінің құрылымын және олардың ұйымдық-құқықтық нысандарын барынша оңайлатуға ұмтылуы тиіс. Осылайша, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына түрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы еншілес ұйымдар: акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер кіреді. «Жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы

7. корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын болдырмау;
8. сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне қарсы іс-қимыл және іскерлік этиканы сақтау;
9. басқарушылық есептілік жүйесін, оның ішінде басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі Орнықты даму саласын жетілдіру;
10. акционерлермен және өзге де мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жасау және ақпараттық ашықтық қағидаттарын жетілдіру (нақты және айқын саясат, Компания директорлары мен басшыларына сыйақы беру рәсімінің ашықтығы, айқын дивидендтік саясат, GRI және ХҚЕС стандарттарына сәйкес қаржылық есептілік пен жылдық есепті, тұрақты даму саласындағы есепті жыл сайынғы негізде жариялау және т. б.);
11. жоспарлауды, ішкі бақылауды, комплаенс пен ішкі аудитті, тәуекелдерді басқарудың, орнықты дамуды басқарудың тиімді процестері мен жүйелерінің болуын қамтамасыз ету.

Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 қаулысын орындау шеңберінде Компанияда іс-шаралардың іске асырылуы, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ деңгейінде іске асыру үшін «Самұрық-Энерго» АҚ компанияларының периметрін қалыптастыру жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуына байланысты, 2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының құрылымын, оның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының ұйымдық-құқықтық нысандарын өзгерту/оңтайландыру жұмыстары жүзеге асырылмады.

2. «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі» деген 5-тараудың 5-тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибе, жеке қабілеттері және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесінің ағымдағы құрамы қажетті дағдылар, білім мен құзыреттер бойынша әртүрлілікті қамтамасыз етсе де, гендерлік құрам бойынша әртүрлілік қамтамасыз етілмей отыр.
3. «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі» деген 5-тараудың 7-тармағына сәйкес Директорлар кеңесі осы Кеңестің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітуі тиіс. Корпоративтік хатшы осы бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді. 2021 жылы Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметке енгізу рәсімін іске асырды. Дегенмен, 2021 жылы

02.1 02|1

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері үшін оқыту бағдарламасы қалыптастырылмады.

4. «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі» деген 5-тараудың 18-тармағына сәйкес Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы мен мүшелерін сайлайды, өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, оларға еңбекақы төлеу шарттарын айқындайды, сондай-ақ атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтатады. «Самұрық-Энерго» АҚ Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесі Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, Басқарма мүшелерін сайлайды, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады (Басқарма Төрағасын қоспағанда). Бұл ретте «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасын тағайындау (сайлау) және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесі Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған.

Компания корпоративтік басқарудың ұлттық және әлемдік стандарттарын ұстанудың маңыздылығын мойындай отырып, алдағы уақытта да барлық мүдделі тараптар тарапынан сенімнің жоғары деңгейін қолдау және бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін корпоративтік басқару жүйесін жоспарлы түрде дамытуға ниетті.

Корпоративтік басқару тәжірибесінің Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестігі туралы толық есеппен мына сілтеме бойынша толық көлемде таныса аласыз: <https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholder/other-statements>

КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ЭТИКА

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның басым бағыттарының бірі жоғары этикалық стандарттарды енгізу және сенімге негізделген корпоративтік мәдениетті құру болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында Мінез-құлық кодексі қолданылады, бұл құжат атқаратын лауазымына

қарамастан, «Самұрық-Энерго» АҚ мамандарының қызметіне сәйкес жоғары кәсіби және этикалық стандарттарды белгілейді.

Кодекстің мақсаты «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік өмірі мен барлық мүдделі тұлғалармен іскерлік қарым-қатынасы ортақ құндылықтарға негізделуін айқындайды.

Сондықтан өз жеткізушілерімен және мердігерлерімен өзара іс-қимыл аясында Компания денсаулық сақтау және қауіпсіздік талаптарына сәйкестікті қоса алғанда, еңбек заңнамасының сақталуын талап етеді. Тиісті талаптар «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша үлгілік шарттарға енгізілген.

Мінез-құлық кодексінде көзделген «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік құндылықтарын ұстану Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге және миссиясын орындауға ықпал етеді.

Іскерлік әдеп кодексінің нормаларын бұзуға жол берген атқарушы органның мүшесі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның компаниялар тобында атқарушы органының мүшесі бола алмайды.

Директорлар кеңесі этика стандарттарын енгізуді және олардың сақталуын қамтамасыз етеді. Барлық лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер Мінез-құлық кодексімен танысқандығы туралы өтінішке қол қояды және Кодекс бойынша өз білімдерін үнемі растап отырады. Компанияда лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді Мінез-құлық кодексін, омбудсменнің рөлін түсінуге және болжамды ереже бұзушылықтар туралы хабарлау жүйесінің қолжетімділігіне бағытталған оқыту-үйрету тұрақты негізде жүргізіледі.

2021 жылдың нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі мүшелері мен «Самұрық-Энерго» АҚ атқарушы органы тарапынан Мінез-құлық кодексінің нормаларын бұзу жағдайлары тіркелген жоқ.

АКЦИОНЕР

«Самұрық-Энерго» АҚ акцияларының 100%-ы Жалғыз акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі (www.sk.kz).

Жалғыз акционермен өзара қарым-қатынас жасау оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен құрметтеуді қамтамасыз етуден тұрады және адалдыққа, есептілікке, жауапкершілік пен ашықтыққа негізделген.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ НЕГІЗГІ ШЕШІМДЕРІ

Жалғыз акционер есепті жылы мынадай негізгі мәселелерді қарады:

2021 жылғы 12 сәуір (№13/21 хаттама) – «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігін, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2020 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту туралы.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Компания қызметінің қорытындысы бойынша, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған бағалы қағаздар саны 8 602 187 данаға жетті, орналастырылған

Жалғыз акционер қызметтің басым міндеттері мен стратегиялық бағыттарын белгілей отырып, Компанияны басқарады.

Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыру «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Самұрық-Энерго» АҚ Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

2021 жылғы 30 маусым (№28/21 хаттама) – «Самұрық-Энерго» АҚ Жарғысына толықтырулар енгізу туралы.

2021 жылғы 28 қазан (№49/21 хаттама) – «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 11 Портфельдік компаниясында Корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау нәтижелері туралы.

бағалы қағаздар саны – 5 601 812 дана. Бір жай акцияның номиналдық құны 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 10 000 теңгені құрады.

БІР АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА ЖӘНЕ БІР АКЦИЯНЫҢ БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ

Акцияға шаққандағы базалық пайда «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы акционерлерінің үлесіне тиетін пайданың жыл ішінде айналыста болған жай акциялардың орташа санына қатынасы ретінде есептеледі. «Самұрық-Энер-

го» АҚ компаниялар тобында таратылмалы әлеуетті жай акциялар жоқ, демек, акцияға шаққандағы таратылмалы пайда акцияға шаққандағы базалық пайдаға сәйкес келеді.

Қазақстандық теңгемен, мың	2021 ж.	2020 ж.
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының акционерлеріне тиесілі бір жылдағы пайда (мың теңгемен)	15,046,311	8,007,623
Айналыстағы жай акциялардың орташа саны	5,601,812	5,601,812
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының акционерлеріне тиесілі акцияға шаққандағы пайда (теңгеге дейін дөңгелектелген)	2,686	1,429

02.1 02|1

БІР АКЦИЯНЫҢ БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ

«Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген күнгі бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуға тиіс. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ

компаниялар тобының басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептілік деректері негізінде есептеген бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны 88,985 теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 86,937 теңге) құрады. Төменде бір акцияның баланстық құнын есептеу кестесі берілген:

Қазақстандық теңгемен, мың	2021 ж.	2020 ж.
Активтер жиыны	939,820,011	885,705,149
Минус: материалдық емес активтер	(4,165,145)	(3,570,398)
Минус: міндеттемелер жиыны	(437,179,560)	(395,129,513)
Жай акциялар үшін таза активтер	498,475,306	487,005,238
31 желтоқсандағы жай акциялар саны	5,601,812	5,601,812
Бір акцияның баланстық құны, теңге	88,985	86,937

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Компанияның Дивидендтік саясаты Жалғыз акционердің мүдделерін сақтау, Компанияның ұзақ мерзімді құнын ұлғайту, дивидендтердің мөлшерін айқындау тетігінің ашықтығы және Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету қағидаларына негізделеді.

Дивидендтер мөлшері Компанияның Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес дайындалған жылдық аудит жүргізілген қаржылық есептілігінде көрсетілген ұйымның таза кірісінің сомасына сүйеніп есептеледі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі басқару органы ретінде орнықты даму қағидалары негізінде барлық стейкхолдерлердің мүдделерін ескере отырып, сараланған шешімдер қабылдау арқылы Компанияға стратегиялық басшылықты және қызметінің ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз етеді.

Компания Директорлар кеңесі құрамындағы тәжірибе мен жеке қабілеттеріне қатысты теңгерімділікке және әртүрлілікті қамтамасыз етуге ұмтылады. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны Компания ауқымына, күрделілігіне, мақсаттары

Жалғыз акционердің шешімдеріне сәйкес төленген дивидендтердің мөлшері

Кезең	Сом
2021 ж. (2020 ж. нәтижелері бойынша)	3 142 143 450
2020 ж. (2019 ж. нәтижелері бойынша)	3 066 231 000
2019 ж. (2018 ж. нәтижелері бойынша)	2 041 000 000

мен міндеттеріне сәйкес келеді, саны шамадан тыс болмайды және Директорлар кеңесінің немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің шешім қабылдау процесінің қарқындылығын төмендетуге әсер етпейді.

Директорлар кеңесінің мүшелерін таңдау және ұсыну Жалғыз акционердің шешімімен және Корпоративтік кодекстің нормалары мен принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады (толығырақ www.samruk-energy.kz сайтында қараңыз).

КОМПАНИЯДАҒЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



Казутин Николай Юрьевич

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, Акционердің мүддесін білдіретін өкіл

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған жылы: 1982 жылғы 28 қараша

Бірінші сайланған күні: 2022 жылғы 18 ақпан

Компанияның жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Өкілеттік мерзімі: 2022 жылғы 23 маусымға дейін

«Самұрық-Қазына» АҚ Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры

Стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару, қаржы, нарықты дамыту және заңтану саласындағы сарапшы



Есімханов Сұңғат Қуатұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған жылы: 1973 жылғы 30 қараша

Бірінші сайланған күні: 2021 жылғы 12 мамыр

Компанияның жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Өкілеттік мерзімі: 2022 жылғы 23 маусымға дейін

Энергетика, стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару, қаржы, нарықты дамыту және құқықтану саласындағы сарапшы



Репин Алексей Юрьевич

Директорлар кеңесінің мүшесі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған жылы: 1961 жылғы 11 сәуір

Бірінші сайланған күні: 2022 жылғы 18 ақпан

Компанияның жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Өкілеттік мерзімі: 2022 жылғы 23 маусымға дейін

«Самұрық-Қазына» АҚ мұнай-газ, тау-кен және энергетика активтері департаментінің энергетикалық және тау-кен активтері секторының басшысы

Стратегиялық және корпоративтік басқару және энергетика саласындағы сарапшы



Др. Андреас Сторзэл

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

Азаматтығы: Германия Федеративтік Республикасы

Туған жылы: 1963 жылғы 12 қазан

Сайланған күні: 2019 жылғы 24 маусым

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Өкілеттік мерзімі: 2022 жылғы 23 маусымға дейін

Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы, Аудит комитетінің төрағасы; Тағайындау және сыйақы комитетінің мүшесі, Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау комитетінің мүшесі.

Корпоративтік басқару, стратегия, қаржы, коммерциялық басқару, инвестициялар, бірігу және қосып алу саласындағы сарапшы.

Қосалқы атқаратын жұмысы және ДК-ге мүшелік:

- ▶ Корпоративтік даму жөніндегі Атқарушы директор, ENOWA (NEOM тобы), Сауд Арабиясы.
- ▶ 2019 жылдан 2020 жылға дейін – Бизнесі дамыту жөніндегі Вице-президент, Grid & Infrastructure, Innogy SE, Германия
- ▶ 2014 жылдан 2018 жылға дейін – Бас директор, Innogy Middle East&North Africa, Дубай, БАӘ



Хоакин Галиндо Велез

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

Азаматтығы: Испания Корольдігі

Туған жылы: 1957 жылғы 27 тамыз

Сайланған күні: 2019 жылғы 24 маусым

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Өкілеттік мерзімі: 2022 жылғы 23 маусымға дейін

Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің төрағасы, Аудит комитетінің мүшесі; Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.

Бизнесі және экономиканы басқару, өндіру және жоспарлау салалары бойынша сарапшы

Кеңестің әрбір мүшесінің түйіндемесінің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: www.samruk-energy.kz.

Осы Жылдық есепті жариялау сәтіндегі Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер

Жалғыз акционердің 18.02.2022 жылғы шешімімен (№12/22 хаттама) Директорлар кеңесінің төрағасы Б. О. Ақшолақовтың өкілеттігі тоқтатылды.

Жалғыз акционердің 18.02.2022 жылғы шешімімен (№12/22 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі А.Н. Кравченконың өкілеттігі тоқтатылды.

Жалғыз акционердің 2022 жылғы 18 ақпандағы шешімімен (№12/22 хаттама) Директорлар Кеңесінің төмендегідей мүшелері сайланды:

Казутин Николай Юрьевич – «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Репин Алексей Юрьевич – «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Жоғары деңгейдегі Директорлар кеңесі – Стратегиямызды табысты іске асырудың кепілі, сондықтан теңгерімді сақтау директорлар саны тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар

тәжірибе, дағды, білім мен ойлау стилінің сан алуандығы тұрғысынан да Кеңес құрамына қойылатын маңызды талап болып табылады.

Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің мүшелерін қолданыстағы заңнамаға, Жарғыға және Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Қазіргі Директорлар кеңесі мүшелерінің Компания дамуына үлкен үлес қосу үшін қажетті іскерлік дағдылары мен ойлау қабілеті бар. Директорлар кеңесінің мүшелері мінсіз іскерлік және жеке беделге ие және компанияның мүддесі үшін әрекет етеді және өз жұмысында тұрақты даму қағидаларына негізделеді.

Директорлар кеңесінің құрамы салалық тәжірибе, дағдылар, халықаралық байланыстар және тәуелсіздік тұрғысынан теңдестірілген, бірақ гендерлік құрамдастық бойынша әртүрлілікті қамтамасыз етпейді.

Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалау

Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдалған процесс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануға тиіс. Бағалау тәсілдері өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын арттыру үшін тәуелсіз консультантты тарту болып табылады. Бұл ретте тәуелсіз консультантты тарту отырып бағалау кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі.

2021 жылы корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау шеңберінде тәуелсіз консультанттың Директорлар кеңесі, Комитеттер және Директорлар кеңесі мүшелері қызметінің тиімділігін бағалауы жүргізілді. Директорлар кеңесінің қызметін бағалаудың жалпы рейтингі «ВВ» деңгейін құрады және 2018 жылғы («В») рейтингке қатысты жоғарылады. Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі барлық маңызды аспектілерде белгіленген критерийлердің көпшілігіне сәйкес келеді.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижесі корпоративтік басқару практикасын одан әрі дамыту жөніндегі бағыттарды көрсетті. Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша айқындалған іс-шаралар 2022 жылға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілді.

Отырыстарды өткізу кестесі

Директорлар Кеңесінің отырыстары қаралатын мәселелердің тізбесі мен отырыстарды өткізу кестесін қамтитын күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітілетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау мен қабылдау Директорлар кеңесінің бетпе-бет дауыс беру нысанындағы отырыстарында ғана жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар алдын ала, кемінде күнтізбелік 7 күн бұрын, ал аса маңызды мәселелер бойынша кемінде 15 жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігі

Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің тәуелсіздігі Директорлар кеңесінің құрамында Тәуелсіз директорлардың болуымен қамтамасыз етіледі.

Тәуелсіз директорларды сайлаудың негізгі критерийі кез-келген тараптың ықпалынан тәуелсіз объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсіби деңгейде болуды әрі дербестікті қамтиды. Тәуелсіз директорлар Компанияда әлемдік үздік тәжірибе стандарттарын қолдану үшін тәжірибелерімен және білімдерімен белсенді түрде бөліседі. Тәуелсіз директорлар - Директорлар кеңесінің Комитеттерін басқарады және халықаралық басқару тәжірибесін енгізеді.

Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді талқылауға белсене қатысады (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, мүдделілік болуына қатысты мәмілелер жасасу, атқарушы органның құрамына кандидаттар ұсыну, атқарушы органның мүшелеріне сыйақы белгілеу). «Самұрық-Энерго» АҚ Тәуелсіз директоры тәуелсіздік мәртебесін жоғалтып алмау ықтималдығын қадағалайды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның Тәуелсіз директорлары тәуелсіздік өлшемдеріне толық сәйкес келді.

02.1 02|1

Директорлар кеңесі отырыстарының динамикасы

Директорлар кеңесі қаржылық жыл басталғанға дейін бір жылға арналған жұмыс кестесін бекітеді және ол мақұлданданнан кейін сол жоспарды ұстанады. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне Компания үшін неғұрлым маңызды болып табылатын барлық мәселелердің енгізілуіне бақылау жүргізеді.

2021 жылы Компанияның Директорлар кеңесі 204 мәселені қарады. Аса маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарында ғана қаралады. Компания директорлар Кеңесінің отырыстарын сырттай өткізу деңгейін азайтуға тырысады.


Директорлар кеңесін аса маңызды қаржылық және қаржылық емес проблемалар туралы хабардар ету рәсімі

Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысуы

	2019	2020	2021
Жалпы статистика	100%	100%	100%
Қарымсақов Бейбіт Еркінбайұлы	100%	100%	100%
Жәмиев Алмат Күнжолұлы	–	100%	100%
Жоламанов Бақытжан Төлежанұлы	100%	100%	100%
Ақшулақов Болат Оралұлы	–	–	100%
Андреас Сторзел	100%	100%	100%
Хоаким Галиндо Велес	100%	100%	100%
Есімханов Сұңғат Қуатұлы	–	–	100%
Кравченко Андрей Николаевич	–	–	100%

қолданыстағы заңнамаға және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес реттеледі. 2021 жылдың нәтижелері бойынша мұндай жағдайлар болған жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫ



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР



Директорлар кеңесінің Компанияның стратегиясын анықтаудағы және оның орындалуын бақылаудағы рөлі

Директорлар кеңесі Компанияның негізгі құжаты – Даму стратегиясын әзірлеуге және оның орындалуына мониторинг жүргізуге тікелей қатысады.

Директорлар кеңесінің Компанияның Даму стратегиясы мәселелері бойынша атқаратын негізгі функциялары Компанияның Даму стратегиясын әзірлеу/өзектендіру, бекіту және оған мониторинг жүргізу болып табылады. «Самұрық-Энерго» АҚ 2021 жылы алдағы жылдарға арналған Даму стратегиясын өзектендіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізді. Осы жұмыс барысында Стратегиялық жоспарлау комитеті, Директорлар кеңесі отырыстарының, стратегиялық сессиялардың шеңберінде макроэкономикалық және салалық үрдістер, нарықты дамыту перспективалары, ішкі ортаны талдау, PESTEL-талдау, SWOT-талдау, бенчмаркинг нәтижелері және т. б. мәселелер қаралды. Жұмыстың соңғы нәтижесі стратегиялық ҚНҚ мақсатты мәндерін есептеу болып табылады.

2021 жылы 10 стратегиялық сессия өткізілді, онда перспективада нарық үрдісіне және тарифтік реттеудегі өзгерістерге байланысты мәселелер, қолданыстағы қуаттардың операциялық тиімділігін арттыру, инновациялық даму, Компанияның қаржылық тұрақтылығын арттыру және басқа да көптеген мәселелер қаралды.

Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесіндегі рөлі

Директорлар кеңесінің тәуекелдер мониторингіндегі рөлі шешімдер қабылдаудың тәуекелге бағдарланған тәсілі қағидатына негізделген. Басқару органы қабылдайтын барлық шешімдерге «осы шешімді қабылдаған және қабылдамаған жағдайдағы ықтимал тәуекелдер» деген тәсіл қолданылады. Компанияның Жарғысында органдар арасындағы жауапкершіліктің аражігі нақты ажыратылған: міндеттемелерді Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің 10 және одан да көп пайызына ұлғайту; басқа заңды тұлғалардың акцияларын 10 және одан да көп пайызына сатып алу немесе иеліктен шығару сияқты мәселелер, сондай-ақ акцияларының 10 және одан да көп пайызы «Самұрық-Энерго» АҚ-ға тиесілі заңды тұлғалар қызметінің мәселелері бойынша міндеттемелер Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған.

Директорлар кеңесі тәуекел тәбет – Компанияның операциялық, қаржылық және инвестициялық қызмет түрлері бойынша шектеулерді белгіледі. Бұл шектеулерге инвестицияларды игеру дәрежесі бойынша ең аз шектеулер; өндіруші қуаттардың техникалық дайындығы бойынша ең аз шектеулер; Цифрлық трансформация бағдарламасының Жол картасын іске асыру мерзімдері бойынша шектеулер, қаржылық сипаттағы шектеулер, мысалы, валюталық мәмілелер және өтімділік мәселелері; жаңа инвестициялар бойынша шектеулер және т. б. сияқты көрсеткіштер кіреді. Директорлар кеңесі Тәуекелдерді басқару жөніндегі есеп шеңберінде тоқсан сайынғы негізде жоғарыда көрсетілген барлық шектеулердің орындалуына үнемі егжей-тегжейлі мониторинг жүргізеді және қажет болған жағдайда нақты тапсырмалар береді. Осылайша, Компанияның Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша жүйелі түрде тоқсан сайынғы негізде өтетін отырыстар шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ақпараттық қауіпсіздігіне, өндірістік қауіпсіздігіне, қуаттардың жүктеме көтеруге өндірістік дайындық деңгейіне, кредиттік тәуекелге ұшырау шеңберіндегі ағымдағы жағдайға және т. б. қатысты ақпарат қаралады.

Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару жүйесіне қатысуының маңызы зор және тиімділігі жоғары, тоқсан сайынғы негізде негізгі тәуекелдер бойынша мониторинг жүзеге асырылады: осы тәуекелдерге ұшырағыштықтың өзгерістері бойынша ақпарат ұсынылады, сондай-ақ оларды барынша азайту жоспарларының орындалуы бақыланады.

Директорлар кеңесінің инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізудегі рөлі

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында ірі және маңызды инвестициялық жобаларды іске асыру Директорлар кеңесі оң мақұлдауын берген жағдайда жүзеге асырылады. Бұл талаптар мен рәсімдер Күрделі салымдар жобаларын басқару ережелерімен нақты сипатталып, регламенттелген.

Бұдан басқа, Директорлар Кеңесінің мүшелеріне тоқсан сайынғы негізде Компанияның инвестициялық қызметі туралы есеп ұсынылады. Күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына Стратегиялық жоспарлау комитетінің отырысында инвестициялық жобалар бойынша егжей-тегжейлі есеп ұсынылады: жобалар бойынша бақылау кезеңдеріне (орындарына) қол жеткізу үшін егжей-тегжейлі кестелер, жоспарлар және қажетті іс-шаралар талқыланады.

Директорлар кеңесінің ESG қағидаттарын алға жылжытудағы рөлі

Директорлар кеңесі орнықты даму саясатын жүзеге асырады және ESG саласындағы негізгі құжаттарды қарайды. Директорлар кеңесі осы саладағы негізгі құжат болып табылатын Орнықты даму саласындағы басшылықты бекітті, ол «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша орнықты даму процестерін жүйелеуге бағытталған. Директорлар кеңесі 2023 жылға дейінгі орта мерзімді кезеңге қалыптастырылған орнықты даму саласындағы бастамалар жоспарын бекітті. Жоспарда үш бағыт – экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бағыттар бойынша бастамалар бар, олар осы бастамаларды іске асырудың іс-шараларын, мерзімдері мен ҚНҚ-ні қамтиды. Бастамалар жыл сайын Басқарма мүшелерінің қатысуымен арнайы стратегиялық сессияда қаралады.

2021 жылы Директорлар кеңесі ESG саласындағы бағыт векторын айқындады және 2022–2031 жылдарға арналған өзектендірілген Даму стратегиясы шеңберінде Компания халықаралық танылған талдаушылардан ESG рейтингін алу үшін дайындық жүргізуде.

Директорлар кеңесі қызметінің үздіксіздігі

Қызметтің үздіксіздігін қолдау және Директорлар кеңесінің құрамын прогрессивті жаңарту мақсатында Компанияда «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің сабақтастық жоспары жұмыс істейді, оның ішінде оны орындау бойынша іс-шаралар жоспары да бар.

Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің мүшелігіне кандидаттар ұсыну мен іріктеу тәртібі, сондай-ақ тәуелсіздікті, кәсіби біліктілік пен тәжірибені қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, араландық факторларын ескере отырып, ұсыну және іріктеу кезінде пайдаланылатын өлшемшарттар Директорлар кеңесі туралы ережеге, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына, Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Көрсетілген құжаттар Директорлар кеңесі мүдделер қақтығысын болдырмау және оларды басқару үшін пайдаланатын рәсімдерді регламенттейді.

Компанияда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін Кеңестің жаңадан сайланған мүшесіне өзінің құқықтарымен және міндеттерімен, Компанияның қызметінің негізгі аспектілерімен және құжаттарымен, оның ішінде ең жоғары тәуекелдермен байланысты құжаттармен танысуға мүмкіндік беретін лауазымға енгізу бағдарламасы бекітілді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін «Самұрық-Энерго» АҚ тәуелсіз директорлары алдын ала белгіленген сыйақы алады. Сыйақы мөлшері мен оны төлеу тәртібі Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

Тәуелсіз директорға тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс жерде өткізілетін «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына баруға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тәуелсіздік) өтеледі. 2021 жылы тәуелсіз директорларға төленген барлық сыйақы 122 222 АҚШ долларын немесе 52 527 182 теңгені құрады, бұл алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 46%-ға аз (2020 жылы – 76 937 592 теңге).

Мүдделер қақтығысы

Мүдделер қақтығысын басқарудың тиімді жүйесін құру, сондай-ақ қызметкерлердің мінез-құлқына қойылатын, әрі сақталуы Компанияда жеке мүдделер мен байланыстардың ықпалымен шешімдер қабылдау тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік беретін талаптарды анықтау мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізіледі.

2018 жылдан бастап «Самұрық-Энерго» АҚ-да Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты қолданылады, оның аясында басшы қызметкерлер, бөлім бастықтары және одан жоғары қызметкерлер мүдделер қақтығысының жоқ екендігі туралы декларация толтырады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-дағы бос лауазымдар мен еншілес және тәуелді ұйымдардағы басқарушы лауазымдарға үміткерлерді (лауазымдар тізбесіне сәйкес) іріктеу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен мүдделер қақтығыстарын болдырмау мақсатында оларды алдын ала біліктілік талаптарына сәйкестігіне және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының лауазымды тұлғаларымен үлестестігіне тексереді.

Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясатына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері 2021 жылы мүдделер қақтығысына жол берген жоқ, Директорлар кеңесі мүшелерінің жеке мүдделілігі олардың өз міндеттерін тиісінше атқаруына ықпал етуі мүмкін болатын жағдайлар туындаған жоқ; әділ шешімдер қабылдауға ықпал ететін немесе әлеуетті әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығысына байланысты жағдайлар тіркелген жоқ, Директорлар кеңесінің мүшелері мұндай шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатысқан жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ


Кеңес өз атынан белгілі бір міндеттерді орындау үшін мәселелер мен қабылданатын шешімдерді неғұрлым терең зерделеп, сапалы пысықтау мақсатында тиімді жұмыс істеуі және тиісті назар аударуы үшін өзінің комитеттеріне өкілеттік береді.

Компанияда Директорлар кеңесінің жанында экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша

ұсынымдарды дайындауға жауапты мынадай комитеттер жұмыс істейді: Аудит комитеті, Тағайындаулар және сыйақы комитеті, Стратегиялық жоспарлау комитеті, сондай-ақ Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет. Директорлар кеңесі терең зерделеу және комитеттердің әзірленген ұсынымдары негізінде орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, көрсетілген аспектілер бойынша шешімдер қабылдайды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕП

КОМИТЕТТЕР БОЙЫНША ОТЫРЫСТАРДА ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР САНЫ



Аудит комитеті

Комитет қызметінің мақсаты Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасаудың тиімді жүйесін белгілеуге қатысты мәселелерді тереңдете зерттеу үшін Директорлар кеңесіне жәрдем көрсету, оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығы, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың сенімділігі мен тиімділігіне бақылау жасау, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуына бақылау жасау, сыртқы және ішкі

аудиттің тәуелсіздігін бақылау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамаларының сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

Комитет құрамы:

- ▶ Андреас Сторзел – Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- ▶ Хоакин Галиндо – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Аудит комитеті отырыстарының саны

	2019	2020	2021
Отырыстар саны	8	8	7
Тікелей нысанда	8	8	7
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2021 ж. қаралған мәселелер саны	64		

02.1 02|1

Негізгі қаралған мәселелер

Қаржылық есептілікті әзірлеу мәселелері бойынша атқарушы органмен, сыртқы аудиторлармен кездесулер өткізілді.

Тағайындаулар және сыйақы комитеті

Тағайындаулар және сыйақы комитеті Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңестік органы болып табылады, ол Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерін, Басқарма құрамын, Корпоративтік хатшыны, сондай-ақ басқа қызметкерлерді тағайындау және оларға сыйақы белгілеу мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Тағайындаулар және сыйақы комитеті отырыстарының саны

	2019	2020	2021
Отырыстар саны	8	9	8
Тікелей нысанда	8	9	8
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2021 ж. қаралған мәселелер саны	69		

Негізгі қаралған мәселелер

Есептік мерзім ішінде Директорлар кеңесіне «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша Байқаушы кеңес/Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау мәселелеріне қатысты ұсынымдар берілді. 2021–2022 жылдарға арналған CEO-1 негізгі позицияларына сабақтастық бағдарламасын алдын ала қарау туралы, Бизнесі трансформациялау жөніндегі басқарушы директордың лауазымын сипаттау (Job description) мен бағалауды алдын ала келісу туралы, «Самұрық-Энерго» АҚ Бизнесі трансформациялау жөніндегі басқарушы директорының – Басқарма мүшесінің 2021

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Стратегиялық жоспарлау комитетінің мақсаты Компания қызметінің басым (даму) бағыттарын, стратегиялық мақсаттарын (даму стратегияларын) әзірлеу, Компанияның инвестициялық жобаларын, шеберлік жоспарларын және Компанияның ұзақ мерзімді келешектегі қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды іске асыру, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қоса алғанда, орнықты дамуды басқару жүйесін ендіру мәселелері бойынша ұсынымдар беруді қамтамасыз ету болып табылады.

кізілді. Ішкі аудит қызметі, «Комплаенс» қызметі және «Тәуекел Менеджменті және Ішкі Бақылау» департаменті жұмыстарының мәселелері қаралды.

Комитет құрамы:

- ▶ Хоакин Галиндо – Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- ▶ Андреас Сторзел – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;

жылға арналған жеке даму жоспарын алдын ала қарау туралы, «Самұрық-Энерго» АҚ -ның кадр саясатының іске асырылу барысы туралы, Компанияның ұйымдық құрылымын жаңа редакцияда бекіту туралы есепті алдын ала келісу бойынша ұсынымдар берілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелері, Ішкі аудит қызметінің басшысы және Корпоративтік хатшы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты мәні, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелері, Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен Корпоративтік хатшысының мотивациялық НҚК-сі қаралды.

лері бойынша ұсынымдар беруді қамтамасыз ету болып табылады.

Комитет құрамы:

- ▶ Андреас Сторзел – Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- ▶ Хоакин Галиндо – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Стратегиялық жоспарлау комитеті отырыстарының саны

	2019	2020	2021
Отырыстар саны	8	8	8
Тікелей нысанда	8	8	8
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2021 ж. қаралған мәселелер саны	45		

Негізгі қаралған мәселелер

Тоқсан сайын мынадай: 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясын алдын ала қарау туралы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы және Корпоративтік басқару кодексін ендіру туралы, Компанияның 2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау туралы, Компанияның Даму жоспарының орындалуы туралы, Компанияның инвестициялық жобалары бойынша инвестицияларды

игеруі туралы, Компанияның Цифрлық трансформациялау бағдарламасының іске асырылу барысы туралы есептер қаралды.

Компанияның Маңыздылық матрицасын, Компанияның Қаржылық стратегиясын, құны 1 млрд теңгеден асатын Екібастұз ГРЭС-1 №4 Энергия блогын күрделі жөндеу жобасын, Қоғам деңгейінде шығаруға жататын стратегиялық емес активтердің (дивестициялардың) тізбесін, 2020 жылғы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл және кері байланыс тетігі жөніндегі есепті қаралды.

Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті

Комитеттің мақсаты Директорлар кеңесіне қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау, бағалау, талдау және тиімді жұмыс жүргізу арқылы Компания қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Комитет құрамы:

- ▶ Хоакин Галиндо – Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- ▶ Андреас Сторзел – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті отырыстарының саны

	2019	2020	2021
Отырыс саны	4	4	5
Тікелей нысанда	4	4	5
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2021 ж. қаралған мәселелер саны	9		

Негізгі қаралған мәселелер

Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және өндірістік жарақаттану саласындағы жұмыс туралы есепті тоқсан сайын қарау.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының Корпоративтік менеджмент жүйесінің саясатын, Қоғам компаниялары тобында 2021 жылға арналған еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау.

02.1 02|1

АТҚАРУШЫ ОРГАН

Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма нысанындағы алқалы атқарушы орган жүзеге асырады.

Басқарма Директорлар кеңесімен ынтымақтастық, барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау рухында өзара іс-қимыл жасай отырып, Компания қызметінің, даму стратегиясының, даму жоспарының және Жалғыз акционер мен Басқарушы орган қабылдаған шешімдердің сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Атқарушы органның төрағасы мен мүшелері өз функцияларын орындау үшін қажетті жеткілікті білімге, дағдыларға және тәжірибеге, сондай-ақ мінсіз іскерлік пен жеке беделге ие.

Басқарма құрамы:

1. Есімханов С.Қ.
2. Түйтебаев С.С.
3. Рысқұлов А.Қ.
4. Ивченко Е.Д.
5. Әділкерімов А.А.

Осы Жылдық есепті бекіту күніне сәйкес Атқарушы органның құрамындағы өзгерістер

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 27 қаңтардағы шешімімен (№01/22 хаттама) Басқарма мүшесі Руслан Қазбекұлы Жатқанбай өз өкілеттігін тоқтатты.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 27 мамыр шешімімен (№ 06/22 хаттама) Ивченко Елена Дмитриевна және Әділкерімов Арман Әділкерімұлы «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшесі болып сайланды.



Есімханов Сұғат Қуатұлы

Басқарма Төрағасы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған: 1973 жылы 30 қарашада

Компанияның бірінші басшысы болып табылады және Қоғамның атқарушы органына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: www.samruk-energy.kz



Түйтебаев Серік Сүйінбекұлы

Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған: 1958 жылы 27 мамырда

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша: Компаниялар тобының өндірістік-техникалық қызметін үйлестіру және республикалық бюджет қаражатын Компаниялар тобының жұмыс көлемінің уақытылы және сапалы орындалуына қатысты мақсатты игеруі бойынша жұмыстарды бақылау бойынша үйлестіреді және оған бақылау жасайды; қолданыстағы Өндіріс пен күрделі құрылысты жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру бағдарламасының мәселелерін қарайды; «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында тарифтік науқанның уақтылы жүргізілуін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті бақылайды.

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: www.samruk-energy.kz



Рысқұлов Айдар Қайратұлы

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған: 1981 жылы 20 қыркүйекте

Компанияның қаржылық-экономикалық мәселелері, активтер мен пассивтерді басқару, қаржы тарту мәселелері, бухгалтерлік есеп және есеп беру мәселелері саласындағы қызметін үйлестіреді, Даму стратегиясының орындалуын бақылайды.

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: www.samruk-energy.kz



Ивченко Елена Дмитриевна

Даму, сату және өзгерістер жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған: 1975 жылы 09 сәуірде

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында халықаралық ынтымақтастық, Сату стратегиясын әзірлеу және іске асыру, электр энергиясының, электр энергиясының, қуаттың және көмірдің ішкі және сыртқы нарықтарын талдау, инвестициялық жобаларды әзірлеу, басқару бойынша жұмыстарды бақылауды және ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, инвестиция тарту, трансформация және цифрландыру жобаларын басқарады.

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: www.samruk-energy.kz



Әділкерімов Арман Әділкерімұлы

Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған: 1980 жылы 24 қыркүйекте

Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Компания мен ЕТК-дың мүдделерін сақтау мен құқықтарын қорғау, тәуекелдер жүйесін қамтамасыз ету мен бақылау, орнықты даму мен корпоративтік басқару, баға мониторингі және санаттарды басқару мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жұмысты ұйымдастыруды бақылайды және қамтамасыз етеді.

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: www.samruk-energy.kz

БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы отырыстарының саны

	2019	2020	2021
Отырыс саны	39	35	36
Тікелей отырыстардың үлесі	100%	100%	100%
Қатысуы	99,74%	92,3%	95,6%
Қаралған мәселелер саны	418	504	402

Басқарма сырттай нысандағы отырыстарды өткізу жағдайларын шектеді. Тікелей нысандағы отырыстарда Даму стратегиясын іске асыру, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдері және операциялық қызмет мәселелері талқыланды. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Негізгі қаралған мәселелер

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша: ЕТҰ ішкі нормативтік құжаттары, Компаниялар тобы қызметкерлерінің жалпы саны, ұйымдық құрылымы, штаттық кестесі, лауазымдық жалақыларының сызбалары бекітіліп, ЕТҰ инвестициялық жобалары, ЕТҰ жарғылық капиталдары мөлшерлерінің өзгеруіне қатысты мәселелер, ЕТҰ жарғыларына өзгерістер енгізу, «Самұрық-Энерго» АҚ өкілдерінің ЕТҰ органдарында дауыс беруіне қатысты ұстанымдарын анықтау және басқаларына қатысты мәселелер қаралды.

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру

Компания Басқармасының қызметін бағалау және сыйақы беру шарттары мен тәртібін белгілеу мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және оларға сыйақы беру қағидалары» жұмыс істейді.

Қағида мынадай қағидаттарға сүйенеді:

- сыйақының Компания мен оның акционерінің мүдделеріне сәйкес келетін міндеттердің орындалуымен өзара байланыстылығы;

Қазақстан теңгесімен, мың	2021 ж.	2020 ж.
Негізгі басқарушы персонал	318,044	210,832
Негізгі басқарушы персоналға берілген барлық сыйақы	318,044	210,832

Негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы қызметкерлердің жалақысын, сыйақысын және өзге де қысқа мерзімді сыйақыларын білдіреді. Негізгі басқарушы пер-

- сыйақы мөлшерін анықтау қағидаттарының қарапайымдылығы мен ашықтығы;
- сыйақы мөлшерінің Компания қызметінің нәтижелеріне және қызметкерлердің нәтижелілігіне тәуелділігі.

Атқарушы органның басшысы мен мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі алға қойылған ҚНҚ-ге қол жеткізу болып табылады.

сонал 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4 адамнан тұрады (2020 жылғы 31 желтоқсан: 5 адам).

Басқарма комитеттері

Басқарма жанында сарапшыларға мейлінше күрделі мәселелерді шешуде көмек көрсету үшін құрылған консультативтік-кеңесші органдар жұмыс істейді.

Тәуекелдер жөніндегі комитет

Комитет Басқармаға Компанияның тәуекелдерін басқару және ішкі бақылау саласында шешімдер қабылдауына көмектеседі, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін, ішкі бақылауды ұйымдастыру, жүргізу, олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету және тәуекелдерді анықтауға, өлшеуге, бақылауға және басқаруға арналған процестерді дамыту бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар дайындайды. Комитет сонымен бірге осы салалардағы жұмыстардың үйлестірілуін бақылау бойынша ұсыныстар әзірлеумен айналысады.

Барлық комитеттер Қоғам Басқармасына есеп береді және осы органдар туралы ережелерге сәйкес өздеріне Басқарма берген құзырет шегінде әрекет етеді.

Комитет құрамы:

- **Комитет төрағасы** – Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет төрағасының орынбасары** – Бизнесі трансформациялау жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет мүшелері** – Бизнесі трансформациялау жөніндегі басқарушы директор, Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор; Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор; Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; «Тәуекел Менеджменті және Ішкі Бақылау» департаментінің директоры; Ішкі Аудит қызметінің басшысы (дауыс беру құқығынсыз); «Комплаенс» қызметінің комплаенс-офицері (дауыс беру құқығынсыз).

2021 жылғы есеп

Отырыс саны	4
Қаралған мәселелер саны	9
Қатысуы, %	100

Негізгі тәуекелдер туралы сипаттама мен талдауы берілген Тәуекелдерді басқару жөніндегі есепті, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2020 жылғы 4-тоқсандағы, 2021 жылғы 1, 2 және 3-тоқсандағы тәуекелдерді азайту жоспарлары мен бағдарламаларын іске асыру бойынша мәліметтерді алдын ала мақұлдау туралы; «Самұрық-Энерго» АҚ Шоғырландырылған тәуекелдер тізілімін, Шоғырландырылған тәуекелдер картасын, әр негізгі тәуекелге қатысты төзімділік деңгейлерін анықтайтын Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2022 жылға арналған негізгі тәуекел көрсеткіштерінің паспорттарын алдын ала мақұлдау туралы; «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2022–2028 жылдарға арналған тәуекелге тәбетін алдын ала мақұлдау туралы; Департаменттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті қарау туралы; Тәуекелдер жөніндегі комитеттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті қарау және Тәуекелдер жөніндегі комитеттің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы; Департаменттің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

02.1 02|1

Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті

Комитеттің негізгі мақсаты – «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметінің тиімділігін арттыру, оның ішінде олардың активтері мен шығындарының құрылымын оңтайландыру, ҚНҚ-ге мониторинг жүргізу, Даму жоспарларын, қаржылық есептілікті қарау.

Комитет құрамы:

- **Комитет төрағасы** – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет төрағасының орынбасары** – Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор;

- **Комитет мүшелері** – Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Бизнесі трансформациялау жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; «Қаржылық Бақылау» департаментінің директоры; «Баға Мониторингі және Санаттарды Басқару» департаментінің директоры; Ішкі Аудит Қызметінің аудиторы (дауыс беру құқығынсыз).

2021 жылғы есеп	
Отырыс саны	53
Қаралған мәселелер саны	106
Қатысуы, %	100
Ключевые вопросы	Бірінші күнтізбелік жылға арналған Жылдық бюджеттің бекітілген көрсеткіштері шегінде Компания мен ЕТҮ бюджетіне енгізілген түзетулерді келісу. 2021 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы ЕТҮ даму жоспарының орындалуы туралы есепті қарау. ЕТҮ-ны дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған жоспарының жобасын қарау

Инвестициялық-инновациялық кеңес

Кеңес «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша инвестициялық және инновациялық қызметтің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Осы мақсаттар үшін Кеңес инвестициялық және инновациялық қызметке, инвестиция алды және инвестициялық жобалар сатысының белгіленген кезеңдерін іске асыруға, келесі сатыға көшуге қатысты ұсыныстар әзірлейді, Компанияның басқа заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін), оның ішінде жер қойнауын пайдаланумен байланысты объектінің жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алудағы басымдық құқығын іске асыру аясында сатып алу және иеліктен шығару, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобын сыртқы заңды тұлғалармен біріктіру, инвестициялық жобалар аясында заңды тұлғаларды құру бойынша ұсынымдар әзірлейді.

Комитет құрамы:

- **Комитет төрағасы** – Басқарма Төрағасы;
- **Комитет төрағасының орынбасары** – Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет мүшелері** – Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор; Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор; Бизнесі трансформациялау жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; «Жобалар Портфелін Басқару» Офисінің басшысы; «Комплаенс» қызметінің басшысы – дауыс беру құқығынсыз сарапшы ретінде; «Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі Аудит Қызметінің бас аудиторы – дауыс беру құқығынсыз сарапшы ретінде.

2021 жылғы есеп	
Отырыс саны	9
Қаралған мәселелер саны	42

2021 жылғы есеп	
Қатысуы, %	80%
Негізгі мәселелер	«Алматы қаласының кабельдік желілерін қайта жаңарту» жобасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы. «Жаңа электр сүзгілерін орната отырып, №1 энергия блогын қалпына келтіру» инвестициялық жобасы бойынша іске қосу-реттеу жұмыстарына жобалау-сметалық құжаттаманы түзетуді мақұлдау туралы.

Кредит комитеті

Кредит комитетінің негізгі міндеттері «Самұрық-Энерго» АҚ активтері мен пассивтерінің құрылымын тиімді басқару жөнінде ұсынымдар әзірлей отырып, кредиттерді (қарыздарды) тартуға, беруге, қаржылық көмек көрсетуге және кепілдіктер беруге, тәуекелдерді барынша азайтуға байланысты мәселелер бойынша уақтылы және сапалы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету болып табылады.

Комитет құрамы:

- **Комитет төрағасы** – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет мүшелері** – Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; «Қазынашылық және Корпоративтік Қаржы» департаментінің директоры; «Тәуекел Менеджменті және Ішкі Бақылау» департаментінің директоры; «Жобалар Портфелін Басқару» офисінің басшысы.
- **Тәуелсіз сарапшы** – «Комплаенс» қызметінің басшысы

2021 жылғы есеп	
Отырыс саны	7
Қаралған мәселелер саны	8
Қатысуы, %	89%
Негізгі мәселелер	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның екінші деңгейлі банктердегі депозиттерге қарыздар мен қаржылық көмек тарту/ұсыну, бос ақша қаражатын орналастыру бойынша мәселелері қаралды.

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті

Комитет қызметінің мақсаты еңбекті және қоршаған ортаны қорғаумен байланысты тәуекелдерді сәйкестендіру және басқару саясаттары мен жүйелердің тиімділігін бағалау мәселелері бойынша тиісті ұсыныстар беру арқылы Компанияның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мәселелерді шешуде тиімді жұмысын қамтамасыз ету; өлімге әкеп соқтыратын барлық жазатайым оқиғаларды, сондай-ақ маңызды инциденттерді және мұндай оқиғалар мен инциденттер нәтижесінде жасалатын шараларды талдау; еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлігінде кез келген тәуеліз аудиторлық тексерістердің нәтижелерін

зерттеу, қозғалатын мәселелерге жауап ретінде әзірленген кез келген стратегияларға және іс-қимыл жоспарларына шолу және мүмкін болған жағдайда Директорлар кеңесіне аталған мәселелерге қатысты ұсыныстар беру болып табылады.

Комитет құрамы:

- **Комитет Төрағасы** – Басқарма Төрағасы;
- **Комитет Төрағасының орынбасары** – «Еңбекті және Қоршаған ортаны қорғау» департаментінің директоры;

02.1 02|1

► **Комитет мүшелері** – «Генерация және Отын» департаментінің директоры; «ЖЭК және Тарату» департаментінің директоры; «Корпоративтік Басқару және Орнықты

Даму» департаментінің директоры; «Еңбекті және Қоршаған ортаны қорғау» департаментінің бас менеджері.

2021 жылғы есеп	
Отырыс саны	4
Қаралған мәселелер саны	14
Қатысуы, %	100
Негізгі мәселелер	Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау мен өндірістік жарақаттану саласындағы жұмыс туралы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыс туралы есептерді қарау.
	Комитеттің жұмысы туралы жылдық есепті қарау.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-ДА КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛДІ ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС-МӘДЕНИЕТТІ БАСҚАРУ

Жедел желі

Пошталық мекенжайы: sk.hotline@deloitte.kz

Телефон: 8 800 080 19 94

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметі қағидаттарының бір – Комплаенс. Ережелерді ұстану біздің ортақ мақсаттар, мінез-құлық мәдениеті және дәстүрлер біріктірген кәсіпқойлар командасы болып қалуымызға мүмкіндік береді, сондай-ақ Компанияның өзінде де, сондай-ақ іскер серіктестермен де, клиенттермен де өзара түсіністікті тиісті деңгейде ұстап тұруға көмектеседі.

Комплаенс бағытының негізгі міндеті «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметінде туындайтын комплаенс-тәуекелдерді анықтау, бағалау, болдырмау және бақылау бойынша іс-шараларды жүргізу, сыбайлас жемқорлық пен парақорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті құру және комплаенс тәуекелдерінің алдын алу болып табылады.

Компания мына принциптерге негізделген өз ұстанымын қалыптастырды:

- Басшылық тарапынан комплаенс жүйесін дамытуға белсенді қатысу және қолдау: Компанияның Директорлар кеңесі комплаенс бағдарламасын іске асыру туралы есептерді мерзімді негізде қарайды.
- Компания сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және кейіннен өзектендіру бойынша іс-шараларды жүйелі түрде өткізеді.

- Компания анықталған тәуекелдердің деңгейі мен сипатына сай келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл рәсімдерін әзірлеп, енгізеді, ішкі саясат пен рәсімдерді жетілдіреді және өзектендіреді.
- Компания қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкестік қағидаттары мен стандарттарына оқыту бағдарламасын іске асырып, қолдайды.
- Компания сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша енгізілген рәсімдердің тиімділігіне мониторинг жүргізеді.
- Компанияны сыбайлас жемқорлыққа тарту тәуекелін азайту мақсатында Компанияда контрагенттерге де, сондай-ақ жеке тұлғаларға да қатысты сенімділікті тексеру рәсімдері (Due diligence) әзірленді. Компанияның комплаенс бағдарламасының негізгі құралдарының бірі Компаниямен қарым-қатынасқа түсетін үшінші тұлғалардың, серіктестердің, контрагенттердің сенімділігін тексеру болып табылады. Қызмет сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және іскерлік беделді жоғалту тәуекелдерін болдырмау мақсатында үшінші тұлғалардың сенімділігін тексеру тәжірибесін енгізді. Компаниямен жұмыс істейтін іскерлік серіктестерге, жеткізушілерге және басқа да үшінші тұлғаларға Мінез-құлық кодексінің ережелерін қолдану мақсатында үлгілік шаруашылық шарттарына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер» нормалары енгізілді.

Компанияның Комплаенс бағдарламасын Директорлар кеңесі мен Басқарма толық қолдайды және ол «Самұрық-Энерго» мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2021 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет аясында «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының ұйымдық құрылымына комплаенс офицерлері лауазымдары енгізілді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының комплаенс офицерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістер туралы, салықтық декларациялау туралы, жедел желі жұмысының тәртібі туралы түсіндіру мақсатында 50-ден астам оқыту іс-шарасын өткізді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандарына мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері үшін комплаенс саясатында және сыбайлас жемқор-

лыққа қарсы заңнамада қабылданған талаптарды түсіндіру бойынша оқыту іс-шаралары өткізілді.

2021 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет шеңберінде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

1. 2021 жылғы 15 сәуірде «Самұрық-Энерго» АҚ, «Kazakhstan Bar Association» Заң Консультанттары Палатасы (KazBar) және «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» ҚҚ (LPRC) арасында Ынтымақтастық туралы Меморандум жасалды;
2. «Самұрық-Энерго» АҚ мен еншілес және тәуелді ұйымдарында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және ДК-нің 06.11.2020 ж. №11/20 шешімімен бекітілді;
3. «Самұрық-Энерго» АҚ барлық компаниялар тобының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері Мінез-құлық кодексінің талаптарымен, Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатпен 100% танысты, қызметкерлер тест тапсырды.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен әдістерін оқыту

Атауы	Барлығы	Әкімшілік-басқару қызметкерлері	Өндірістік қызметкерлер	Оқыту нақты
«Самұрық-Энерго» АҚ	167	167	–	100%
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	509	56	453	100%
«Мойнақ СЭС» АҚ	123	22	101	100%
«Шардара СЭС» АҚ	137	20	117	100%
«Екібастұз ГРЭС-2» АҚ	1417	86	1331	100%
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	3822	129	3693	100%
«АлЭС» АҚ	3116	174	2942	100%
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	1393	115	1278	100%
«Богатырь Көмір» ЖШС	7298	472	6826	100%
«Samruk-Green Energy» ЖШС	22	8	14	100%
«БЖЭС» ЖШС	29	11	18	100%
«Энергия Семиречья» ЖШС	21	21	–	100%
«Бұқтырма СЭС» АҚ	10	10	–	100%
«Тегіс Мұнай» ЖШС	3	3	–	100%
«Ereymtau Wind Power» ЖШС	14	14	–	100%
«Қазгидротехэнерго» ЖШС	2	2	–	100%
«Energy Solutions Center» ЖШС	68	18	50	100%
БАРЛЫҒЫ	18 151	1 328	16 823	100%

Комплаенс бағдарламасы шеңберінде барлық қызметкерлер мен мүдделі тараптарға заңнаманы, реттеуші талаптарды және этика мен комплаенс мәселелері бойынша ішкі құжаттарды нақты және болжамды бұзушылықтарға қатысты өздерінің алаңдаушылықтары туралы хабарлай алуы үшін Бастамашылықпен ақпараттандыру желісі (жедел желі/Speak up) ретінде коммуникация құралдары ұсынылды. Бұзушылықтар туралы хабарлаған адамдарға құпия және жасырын негізде хабарлама жіберу мүмкіндігі берілді, сондай-ақ қысым жасамауға және олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға кепілдіктер беріледі. Үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес және хабарлау-шылардың мүдделерін қорғау үшін жедел желіге «Делойт» тәуелсіз компаниясы әкімшілік етеді, жедел желіге келіп түскен барлық шағымдар мен өтініштер тіркеліп, кәсіби және құпия қарауды қамтамасыз ететін «Комплаенс» қызметіне беріледі. Хабарламаны барынша тиімді өңдеу мақсатын-

да байланыс ақпаратын ұсыну функциясы бар, бірақ сондай-ақ жасырын хабарлама қалдыруға болады. Жасырын шағымдар бойынша жауаптар тәуелсіз компанияға оларды кейіннен өтініш берушіге жіберу үшін беріледі.

2021 жылы Компанияның «Комплаенс» қызметі Компанияға және «жедел желіге» келіп түскен 70 өтініш пен шағымды қарады. Өтініштер мен шағымдарды қарау шеңберінде Аудит комитетінің тапсырмасы бойынша тексерулер мен тергеулер, сондай-ақ Жоспарлы тексерулер комплаенсы жүргізілді. Аудит қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша процестерде заңнама мен ішкі құжаттардың талаптарын бұзушылықтар анықталды, тәуекелдерді жою және азайту бойынша ұсынымдар берілді, басшылар мен жауапты қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылданды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Компаниялар тобы бойынша «АЖК» АҚ АЭЖ бас инженерінің әрекеттерінде 1 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тіркелді. 2021 жылғы 2 қарашадағы сот үкіміне сәйкес қызметкер кінәлі деп танылды. Осыған ұқсас жағдайларға жол бермеу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандарына мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қыз-

меткерлері үшін комплаенс саясатында және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада қабылданған талаптарды түсіндіру бойынша оқыту іс-шаралары өткізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты бұзушылықтарға байланысты іскерлік серіктестермен шарттарды бұзу жағдайлары тіркелген жоқ.

2021 жылы кемсітушілік жағдайлары тіркелген жоқ.

ОМБУДСМЕН

Пошталық мекенжайы: akylov@samruk-energy.kz,
ombudsman@samruk-energy.kz
Телефон: +7 (7172) 55-30-15

Қызметкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында Компанияда Омбудсмен қызметін жүзеге асырады. Омбудсмен – Директорлар кеңесіне есеп беретін жоғары деңгейдегі тәуелсіз менеджер, ол өз қызметінде тәуелсіздік, бейтараптық, әділдік және құпиялылық қағидаттарына сүйенеді. Омбудсмен Компаниядағы корпоративтік құндылықтар мен мәдениетті, кәсіби мінез-құлық пен іскерлік этиканың жоғары стандарттарын орнату мен дамытуға ықпал етеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 наурыздағы шешімімен Компанияның Омбудсмені болып 2021 жылғы 1 сәуірден бастап Ақылов Нариман Бекетұлы тағайындалды.

Омбудсменнің міндеттері:

- ▶ еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ қызметкерлердің іскерлік этика қағидаттарын сақтауына жәрдемдесу;
- ▶ қадағалайтын Компанияның рейтингі мен имиджін арттыруға, даулар мен жанжалдардың ерте алдын алуға және реттеуге жәрдемдесу;
- ▶ компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің арасында бейресми байланысты қамтамасыз ету, осы негізде жетілдіруге арналған проблемалар мен бағыттарды уақтылы анықтау, Компанияның саясаты мен рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

Омбудсмен жыл сайын Директорлар кеңесінің назарына өзі анықтаған, жүйелі сипатқа ие және тиісті шешімдер (кешенді шаралар) қабылдауды талап ететін проблемалық мәселелерді жеткізеді, оларды шешу үшін сындарлы ұсыныстар береді.

2021 жылы Омбудсменге 50-ден астам өтініш келіп түсті, олардың басым бөлігі еңбек заңнамасы және іскерлік әдеп кодексінің нормалары бойынша кеңес берумен байланысты. Негізінен өтініштер әлеуметтік-еңбек қатынастары; әлеуметтік мәртебесі (лауазымы); еңбекақыға және сыйақыға қанағаттанбау; өңірлік коэффициентті қолдану; зияндылығы және қайта өңделгені үшін қосымша төлемдер; медициналық сақтандыру және т. б. мәселелерге қатысты болды.

Есепті кезеңде пандемия кезіндегі қауіпті жағдайлар мен жеке қорғаныш құралдарын сатып алу және беру, арнайы киімнің сапасы сияқты еңбек жағдайларына байланысты өтініштер тіркелді.

Омбудсмен барлық өтініштер бойынша кеңестер берді, толық жауаптар мен ұсынымдар берді, еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметкерлерімен және басшыларымен жеке кездесулер (сұхбаттар) өткізді. Өтініштер мен оларға жауаптардың жалпы алғанда Компанияның әлеуметтік тұрақтылығына тигізетін теріс әсері жоқ. Омбудсменге нәсілдік, діни, ұлттық, жыныстық, жас, саяси және басқа да белгілері бойынша кемсітушілікке қатысты бірде-бір өтініш тіркелген жоқ.

ҚЫЗМЕТ АУДИТІ

Ішкі аудит қызметі

«Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Компаниядағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз, объективті кепілдіктер мен консультациялар беру арқылы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге ықпал етеді.

Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарына сәйкес өз міндеттері мен функцияларын іске асыру кезіндегі Қызмет құрылымының тәуелсіздігі ІАҚ-ның Директорлар кеңесіне ұйымдық бағыныстылығы мен функционалдық есеп беруін көздейтін тиісті ұйымдастырушылық мәртебесімен қамтамасыз етіледі.

Директорлар кеңесі Компанияның жоғарғы басқару органы бола отырып, Компанияның қызметі мен менеджментін басқаруға және қадағалауға жауапты.

Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді Басқарма қызметін бақылау және Басқарма мен Директорлар кеңесіне қажетті ұсынымдарды әзірлеу арқылы тереңдете пысықтау мақсатында Директорлар кеңесінің жанында Аудит жөніндегі комитет жұмыс істейді, ол тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Компанияда бақылау процестері бар, олар политикалар мен процедуралар (автоматтандырылған/автоматтандырылмаған), сонымен қатар Компанияның тәуекелдер деңгейін қабылдаудағы бақылау жүйесінің бөлігі болып табылатын іс-шаралар жүзеге асады.

Өз жұмысы барысында ІАҚ:

- ▶ тәуекелдерді басқару процестерінің тиімділігін бағалайды және оларды жетілдіруге ықпал етеді;
- ▶ Директорлар кеңесі мен Басқарманы Кепілдік және сапаны арттыру бағдарламасының нәтижелері туралы тұрақты негізде хабардар етеді;
- ▶ Директорлар кеңесіне тұрақты негізде өз қызметі туралы есептілікті ұсынып, ішкі және сыртқы аудит ұсынымдарының орындалу барысы туралы ақпаратты Басқарманың назарына жеткізеді;
- ▶ Директорлар кеңесінің, Басқарманың және Жалғыз акционердің пікірлерін ескере отырып, тәуекелдерді бағалау негізінде ІАҚ жылдық аудиторлық жоспарын жасайды.

Есептілікті ұсыну жиілігі және оның мазмұны жоғарғы атқарушы басшылықпен және Директорлар кеңесімен талқылау барысында айқындалады және хабарланатын ақпараттың маңыздылығы мен Компанияның жоғарғы атқарушы басшылығы мен Директорлар кеңесі тарапынан талап етілетін іс-қимылдардың жеделдігіне байланысты болады.

2021 жылы Ішкі аудит қызметі Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес барлық 22 аудиторлық тексеруді орындады.

Аудиторлық тапсырмалардың басымдылығы өзіне тән тәуекелдері неғұрлым жоғары процестерді таңдау арқылы, сондай-ақ Жалғыз акционер мен «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің аудиторлық тексерулерді жүргізуге қатысты басымдыққа ие сұратулары арқылы анықталған. Есепті кезеңдегі тексерудің негізгі бағыттары:

- ▶ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау процестерін бағалау;
- ▶ менеджменттің ПӘК-ке қол жеткізу дәрежесін бағалау;
- ▶ қаржы-шаруашылық қызметінің аудиті;
- ▶ ағымдағы және күрделі жөндеулер мен инвестицияларды бағалау;
- ▶ корпоративтік басқару диагностикасы;
- ▶ сатып алу процестерін бағалау.

Барлық аудиторлық тапсырмалар Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарына сәйкес орындалған және тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жақсарту мақсатында түзету/алдын алу шараларын қабылдауға бағытталған қорытындыларды, анықтаулар мен ұсынымдарды қамтиды.

Аудиторлық есептер шеңберінде ІАҚ тарапынан 191 ұсыным берілді, оның ішінде 79 А санаты, 102 В санаты және 10 С санаты бойынша.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі ІАҚ қызметін «Тиімді» деп бағалады.

Сыртқы аудит

Компанияның аудиторлық ұйымын таңдау «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ мен дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың Аудиторлық ұйымды таңдау қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Аудиторлық ұйымды таңдаудағы негізгі критерийлер қызметтің сапасы мен құны болып табылады.

2012 жылдан бастап Компанияның сыртқы аудитору PricewaterhouseCoopers (бұдан әрі – PwC) әлемдік фирмалар желісі болып табылады.

PwC аудиторлық және кеңес беру қызметін ұсынуда жетекші орынға ие: аудит бойынша осы аудитордың клиенттері қатарына FTSE 100 және Fortune 500 рейтингтеріне енген компаниялардың жартысына жуығы кіреді.

Әлемнің түрлі елдерінде отын-энергетикалық кешен кәсіпорындарына көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту мақсатында PwC фирмасы аясында Дүниежүзілік Энергетикалық Қызмет құрылды, онда 4,000-нан астам маман жұмыс істейді.

Неғұрлым толық ақпаратты www.pwc.kz сайтынан алуға болады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Аудиторлық ұйымдардың қызметін пайдалану саласындағы саясатына сәйкес, Компания әр бес жыл сайын аудит үшін негізгі жауапкершілікті иеленетін серіктесті ауыстыру принципін қолданады. 2016–2017 жылдары аудит үшін Бауыржан Бұрханбеков негізгі жауапты серіктес болды. 2018 жылдан бастап негізгі серіктес – Дана Іңкәрбекова.

Бұған қоса «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында аудиторлық ұйымның қызметкерлерін жұмысқа қабылдау шарттары ерекше. Сонымен, Компанияның міндетті аудитіне Компанияның Басқарма мүшесі, басқарушы директоры немесе бас аудитору лауазымына тағайындалған (сайланған) күнінің алдындағы екі жылда аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде екі жыл бойына қатысқан аудиторлық ұйымның қызметкерін тағайындау мүмкін болған жағдайда, мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Аудит комитетінің алдын ала мақұлдауын алу талап етіледі.

PwC Компанияның төменде көрсетілген ЕТУ-ларында аудит жүргізеді:

Компания	Қызмет түрі	Кезең
«Самұрық-Энерго» АҚ	Холдингтік компания	2008–2010, 2012–қазірге дейін
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	Павлодар облысында орналасқан электр станцияларында көмірді пайдалану арқылы электр және жылу энергиясын өндіру	2013–қазірге дейін
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	Алматы қ. мен Алматы облысы үшін электр энергиясын тасымалдау, желілердегі электр энергиясын техникалық тарату қызметі	2010, 2012–қазірге дейін
«Алматы электр станциялары» АҚ	Алматы қ. мен Алматы облысы үшін электр- және жылу энергиясын өндіру	2010, 2012–қазірге дейін
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	Алматы қ. мен Алматы облысы аумағында электр энергиясын сатуды жүзеге асырады	2008–2010, 2012– қазірге дейін
«Шардара СЭС» АҚ	Электр энергиясын өндіру	2007 ж.
«Мойнақ СЭС» АҚ	Шарын өзенінде су электр станциясын салу	2008, 2012–қазірге дейін
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	«Богатырь» және «Северный» көмір кесіктерінде өндірілетін көмір негізінде электр және жылу энергиясын өндіру	2005–2009 жж.
«Богатырь Көмір» ЖШС	«Богатырь» және «Северный» көмір кесіктерінде ашық тәсілмен тас көмір өндіру	2008–2010, 2012–қазірге дейін.


Аудиторлық ұйымға 2021 жылы көрсетілген аудиторлық қызметі үшін төленген сыйлықақы

Қызметтер	«Самұрық-Энерго» АҚ	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы
2021 жылғы аудит үшін	32 408 800 теңге	159 323 729 теңге

2021 жыл ішінде PwC қаржылық есептілік аудитіне қатысы жоқ қызметтерді ұсынбады.

НЕГІЗГІ ӘСЕРЛЕР, ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕР

Компанияда тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесі тиімді жұмыс істейді және тұрақты түрде жетілдіріліп отырады.



Тәуекелдерді басқару жүйесі Басқарма мен Директорлар кеңесіне тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, басқару және мониторинг жүргізу арқылы Компания үшін қолайлы тәуекелдер деңгейін қамтамасыз ету және осындай іс-әре-

кеттерден барынша пайда алу үшін ресурстарды басым бағыттар бойынша тиімді басқаруға және бөлуге мүмкіндік береді.



Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру Компанияның тәуекелдерге тез жауап беруге, Компанияның негізгі және қосалқы

бизнес-процестері мен күнделікті операцияларына бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ жақсарту үшін кез келген


елеулі кемшіліктер мен салалар туралы тиісті деңгейдегі басшылықты дереу хабардар етуді жүзеге асыруға қабілетті басқару жүйесін құруды көздейді.

Жыл сайын Директорлар кеңесі Қоғамның тәуекелге тәбетін сандық және сапалық тұрғыдан анықтайды, тәуекел-тәбет негізгі қызмет түрлеріне қойылатын шектеулерді қамтиды және тоқсан сайын оның сақталуына бақылау жасалады.

Негізгі бизнес-процесс иелері тұрақты негізде тәуекелдер мен бақылаулар матрицаларын, оның ішінде қаржылық есептілікті дайындау процесінің басты негіздемелерін жаңартып отырады және Компанияның Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне ұсынады.

Жыл сайын Тәуекелдер тізілімі, Тәуекелдер картасы, негізгі тәуекел көрсеткіштері және Негізгі тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспары жасалып, Компанияның Директорлар кеңесіне қарауға және бекітуге ұсынылады. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2021 жылға арналған тәуекелдерін сәйкестендіру бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметіне тән 33 тәуекел сәйкестендіріліп, бағаланды, ПЭК шекті мәні жаңартылды, тәуекел иелері тәуекел факторлары мен оларды азайту шараларын өзектендірді.

Осы қайта бағалау нәтижелері бойынша 2021 жылға арналған Тәуекелдер картасының негізгі аймағына 10 тәуекел (2020 жылы – 10 негізгі тәуекел) енді:



№	Тәуекел атауы
1	Қызметтік міндеттерін атқару процесінде қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне, өндірістегі жазатайым оқиғаларға залал келтіру тәуекелі
2	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының іске асырылатын /перспективалық инвестициялық жобалары мен инвестициялық бағдарламаларының тәуекелі
3	Электр энергиясын сату жоспарының орындалмау тәуекелі
4	Өндірістегі авариялар мен апаттар тәуекелі
5	Цифрлық трансформация бағдарламасын іске асырумен байланысты тәуекел
6	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы адами ресурстардың тәуекелдері
7	Валюталық тәуекел
8	Кредиттік тәуекел
9	Тариф белгілеу тәуекелі
10	Сыртқы кредиторлардың ковенантын және листинг талаптарын бұзу тәуекелі

2021 жылғы негізгі өзгерістер (негізгі тәуекелдердің митигациясы)

Тәуекел	Шаралар
Экологиялық тәуекел (ықтималдық бойынша ұлғаю - негізгі аймаққа өту) <i>Жаңа Экологиялық Кодекс</i>	Жыл сайын парниктік газдардың үлестік шығарындыларын төмендету бойынша іс-шаралар жүргізіледі
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында іске асырылатын/перспективті инвестициялық жобалары мен инвестициялық бағдарламаларының тәуекелдері (өзгеріссіз) <i>Инвестициялық жобалар бойынша толық игерілмеуге қатысты негізгі ауытқу «№3 энергия блогын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және жаңғырту» жобасы бойынша ҚР-мен шекарада ҚХР енгізген карантиндік шектеулер және келісім жасасу жөніндегі корпоративтік рәсімдердің ұзақтығы себебінен туындады</i>	Жоспарланған шығындарды игеру кейінгі кезеңге ауыстырылады
Қызметтік міндеттерін атқару процесінде қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне залал келтірген өндірістегі жазатайым оқиғалардың тәуекелі (ықтималдық бойынша ұлғаю) <i>2021 жылдың басынан бастап еңбек қызметіне байланысты 5 жазатайым оқиға тіркелді</i>	«Еңбекті және Қоршаған ортаны қорғау» департаментінің Жұмыс жоспарына сәйкес
Кредиттік тәуекел (өзгеріссіз) <i>Екінші деңгейлі банктердегі тұрақсыз жағдай</i>	Контрагент-банктерге арналған лимиттерді сақтау мониторингі, сондай-ақ ЕДБ тұрақтылығын тұрақты бағалау
Сыртқы кредиторлардың ковенантын және листинг талаптарын бұзу тәуекелі (ықтималдылығы бойынша артуы)	Ковенанттарды, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін сақтау мониторингі, борыштық жүктеме мен пайыздық төлемдер деңгейін төмендету жөніндегі іс-шаралар
Трансформациялау бағдарламасын іске асырумен байланысты тәуекел (өзгеріссіз)	Көтерме сауда нарығына электр энергиясын жеткізудің тәуліктік кестесін қалыптастыруға күнделікті қатысу және орталықтандырылған сауда-саттыққа қатысу, ҚР көтерме сауда нарығының тұтынушыларын тарту
Трансформациялау бағдарламасын іске асырумен байланысты тәуекел (өзгеріссіз)	Жол картасының орындалуына мониторинг жүргізу
Өндірістегі авариялар мен апаттар тәуекелі (өзгеріссіз)	Күрделі және ағымдағы жөндеулерді орындау, жабдықтардың техникалық жай-күйін мерзімді куәландыру, кәсіпорындардың жедел персоналына нұсқамалар мен аварияға қарсы жаттығулар жүргізу
Пайыздық тәуекел (ықтималдық бойынша ұлғаю - негізгі аймаққа өту) <i>Инфляцияның өсуіне байланысты пайыздық шығыстардың ұлғаюы</i>	Құбылмалы мөлшерлемеге орай қарыздарды қайта қаржыландыру

Бизнес-процестерді қалыптастыру және дамыту процесінде ықтимал тәуекелдерді басқару бойынша көптеген инновациялық шешімдер жасалды.

Тәжірибе көрсеткендей, тәуекелдер бағалау және алдын алу қажет болатын бизнес-процестер қызметінің кез келген түрінде туындайды.

2018 жылғы қарашадан бастап корпоративтік басқарудың маңызды бөлігі болып табылатын және мынадай өзгерістерге жататын 3 кіріктірілген кіші жүйеден тұратын «Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін ендіру» жобасын іске асыру бойынша жұмыстар басталды, олар:

1. Тәуекелдерді басқару жүйесі (жүйені жетілдіру);
2. Ішкі бақылау жүйесі (бақылау рәсімдерінің дизайнын бағалау және операциялық тиімділігін тестілеу жүйесін пысықтау);
3. Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесі (жүйені ендіру).

2021 жылдың қорытындысы бойынша «Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасын (бұдан әрі – Жоба) іске асыру шеңберінде мынадай бірқатар іс-шаралар кезең-кезеңімен орындалды:

1. Жобаны іске асыру процесінде шешуші болып табылатын ЕТҰ-лар анықталды;
2. Жобаны іске асыру жоспары анықталды, бұл құжатта «Самұрық-Энерго» АҚ және оның негізгі ЕТҰ-лары үшін іс-шаралар белгіленді;
3. Жобаны іске асыру үшін жұмылдырылған процестер анықталды (өндірістік және АТ процестері);
4. «Самұрық-Энерго» АҚ-да және оның ЕТҰ-ларында («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС) Жоба шеңберінде қызмет үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғалар тағайындалды;
5. ЕТҰ-ларда («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС) белгіленген процестер шекті топтарға бөлінді;

6. ЕТҰ-ларда («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС) ішкі нормативтік құжаттар (Ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары, Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету қағидалары) әзірленді;

7. «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның ЕТҰ-ларында («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС) Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарлары мен Қызметтің үздіксіздігін қалпына келтіру жоспарлары әзірленді;
8. Жобаны іске асыру аясында негізгі ЕТҰ-лар үшін қолданыстағы Ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары негізінде ішкі бақылау жүйесін тестілеу әдістемесі әзірленіп қолданысқа енгізілді;
9. Жобаны іске асыру аясында негізгі ЕТҰ-лар үшін қолданыстағы Ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары негізінде қызмет үздіксіздігін басқару жүйесін тестілеу әдістемесі әзірленіп қолданысқа енгізілді;
10. «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ мекемелерінде ішкі бақылау және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйелеріне сынама тестілеу өткізілді;
11. есепті кезең ішінде Жоба қызметі аясында мерзімді түрде түсіндіру жұмыстары жүргізілді;
12. Жобаның іске асырылу барысына тексеру жүргізілді (барып көру арқылы).